

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің " Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы" республикалық мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 675 қаулысы

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі мекемеге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып а й қ ы н д а л с ы н .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен.

3. Мекемені қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының мемлекеттік қабылдау комиссиясы объектіні қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайының ғимаратын жер учаскесімен қоса сыйға тарту шарты бойынша республикалық меншікке беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен мүлікті қабылдау-беру актісіне қол қойылғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайының ғимаратын жер учаскесімен қоса мекеменің теңгеріміне берсін.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мекеме жарғысының бекітілуін және оның әділет органдарында мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

3) «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

1 - б ө л і м д е :

мына:

«

1.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	1190,5
	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	1021,5

»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

1.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	1219,5
	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	1050,5

»;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

	Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы	29
--	---	----

»

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003; 31.12.2015 № 1193 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н
С. А х м е т о в

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК